

**Кімге:**

**Автордың аты-жөні және лауазымы: Қалижан Аружан Амангелдіқызы, Ақтөбе облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит Департаментінің Жоспарлау, талдау, есептілік және сапаны бақылау бөлімінің бас маманы.**

**Күні: 16.02.2025 ж.**

## **АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА**

**Тақырыбы: Электрондық аудит: Заманауи қаржылық бақылаудың тиімді құралы.**

**Кілт сөздер: Электрондық аудит, қаржылық бақылау, цифрлық технологиялар, тәуекелдерді басқару.**

### **1. Кіріспе**

"Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасының мақсаттары орта мерзімді перспективада Қазақстан Республикасы экономикасының даму қарқынын жеделдету және цифрлық технологияларды пайдалану есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективада Қазақстанның экономикасын болашақтың цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ететін түбегейлі жаңа даму траекториясына көшіруге жағдай жасау болып табылады.

Осы мақсатқа қол жеткізу, дамудың екі бағыты бойынша жүруді білдіреді:

"Қазіргі экономиканы цифрландыру" - нақты сектордағы нақты жобалардан тұратын прагматикалық бастауды қамтамасыз ету, экономиканың қазіргі салаларын, мемлекеттік құрылымдарды цифрландыру және оларды технологиялық қайта жабдықтау жобаларын іске қосу және цифрлық инфрақұрылымды дамыту.

"Болашақтың цифрлық индустриясын құру" - адами капиталды дамыту деңгейін көтеру, инновациялық даму институттарын құру және жалпы алғанда, цифрлық экожүйені қарқынды дамыту есебінен ұзақ мерзімді орнықтылықты қамтамасыз ету, елдің цифрлық трансформациялауды іске қосу.

Осы бағдарламаны іске асырудың бес негізгі бағыты бар:

1. "Экономика салаларын цифрландыру" - еңбек өнімділігін арттыруға және капиталдандырудың өсуіне алып келетін озық технологиялар мен мүмкіндіктерді пайдалана отырып, Қазақстан Республикасы экономикасының дәстүрлі салаларын түрлендіру бағыты.

2. "Цифрлық мемлекетке көшу" - қажеттіліктерін күні бұрын біліп халық пен бизнеске қызмет көрсету инфрақұрылымы ретінде мемлекеттің функцияларын түрлендіру бағыты.
3. "Цифрлық Жібек жолын іске асыру" - ішкі контур үшін де, Қазақстан Республикасының транзиттік әлеуетін іске асыру үшін деректерді берудің, сақтаудың және өңдеудің жылдамдығы жоғары және қорғалған инфрақұрылымын дамыту бағыты.
4. "Адами капиталды дамыту" - жаңа жағдайға - білім экономикасына көшуді қамтамасыз ету үшін креативті қоғам деп аталатынды құруды қамтитын түрлендіру бағыты.
5. "Инновациялық экожүйені құру" - бизнес, ғылыми сала және мемлекет арасындағы орнықты көлденең байланыстармен технологиялық кәсіпкерлік пен инновацияны дамыту үшін жағдай жасау бағыты. Мемлекет инновацияларды өндіріске шығаруға, бейімдеуге және енгізуге қабілетті экожүйе катализаторы ретінде әрекет етеді.

"Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасының аясында жалпы электрондық мемлекеттік аудит ұғымы пайда болды.

Электрондық мемлекеттік аудит - ақпараттық технологияларды қолдану арқылы қашықтықтан жүзеге асырылатын мемлекеттік аудит. Электрондық ішкі мемлекеттік аудит қағидалары алғаш 2018 жылдың 28 наурыз айында Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің № 413-ші бұйрығымен бекітілген.

Ақпараттық технологияларды қолдану, аудиторлық іс шара мерзімдерін қысқартуға және аудиторлық тексерулерге шығу шығындарын төмендетуге береді. Бұл еңбек ресурстарының ұтымдылығын және өнімділігін арттыруды көрсетеді.

Бағдарламаны іске асыру бенефициарлары Қазақстан Республикасының барлық халқы, бизнес және мемлекеттік органдары болады, өйткені ол өмірдің барлық салаларына әсер етеді және мемлекеттің әрбір азаматы мен тұрғынының өмір сүру деңгейін арттыруға бағытталған.

## **2. Негізгі бөлім**

Электрондық аудит - бұл тексеруді объектіге шықпай жүзеге асыруға мүмкіндік беретін сыбайлас жемқорлыққа қарсы тетік. Ол бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқарады. Электрондық аудиттің артықшылығы - ол аудит объектілеріне әкімшілік жүктемені, ақпаратты жинауға және ұсынуға арналған уақыт пен ақша шығындарын азайтуға, адам факторын барынша азайтуға, аудиторлық рәсімдердің ашықтығын арттыруға мүмкіндік береді.

Электрондық Ішкі мемлекеттік аудит электрондық құжаттар пайдаланылған жағдайларда ғана жүргізіледі.

Электрондық мемлекеттік аудит қазіргі заманғы тәсілдерді қолдану арқылы мемлекеттік аудит саласындағы қызметті жетілдірудің бір бөлігі

болып табылады. Осыған сүйене отырып, тұтастай алғанда мемлекеттік органдар қызметінің неғұрлым нәтижелілігін қамтамасыз ету үшін сапалы, үздіксіз, жедел, өзекті аудит жүргізу бөлігінде оң нәтиже күтілуде.

Жалпы, аудитті электрондық форматта жүргізу еңбек ресурстарын үнемдеуді қамтамасыз етті, аудит объектісі орналасқан жерге дейін сапарға кететін уақыт шығындары, іссапар шығыстары бойынша бюджет қаражатын үнемдеу қамтамасыз етілді және ең бастысы аудит объектісімен тікелей байланысты болдырмауға мүмкіндік берді, бұл аудитпен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтады.

Мемлекеттік басқаруды цифрландыру жағдайында электрондық аудит ішкі мемлекеттік аудит жүйесінің тиімділігі мен ашықтығын арттырудың негізгі құралына айналуда.

Заманауи технологиялар бақылау процесін автоматтандырумен қатар, мемлекеттік аудиторлардың аналитикалық мүмкіндіктерін едәуір кеңейтуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті мемлекеттік аудит саласына заманауи технологияларды белсенді түрде енгізуде.

Атап айтқанда, 2024 жылдың қорытындысына сәйкес, Ақтөбе облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит Департаменті 45 электрондық аудиторлық іс-шара өткізді.

Электрондық аудиторлық іс-шаралармен жалпы сомасы 1060,7 млн теңгеге бұзушылықтар анықталды. Анықталған бұзушылықтардан қаржылық бұзушылықтардың сомасы 25,2 млн теңгені еңбекақы есебінен және рәсімдік бұзушылықтар 1035,5 млн теңгені мемлекеттік сатып алу қорытындылары нәтижесінде анықталғанын хабарлайды.

Сонымен қатар, пост-аудиттен профилактикалық аудитке көшу аясында қазынашылық органдарының деректері негізінде бюджеттік төлемдерді нақты уақыт режимінде қашықтан бақылауға мүмкіндік беретін "Онлайн бюджеттік мониторинг" модулі әзірленіп, іске қосылды.

Білім беру ұйымдары бойынша егжей-тегжейлі мәліметтерді мониторингтеу нәтижесінде жалақы түрінде заңсыз төлем жасау қаупі жоғары мыңнан астам жағдай анықталды.

Осы мәселе бойынша Комитет пен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет арасында толық өзара іс-қимыл орнатылып, аталған құралдың алдын алу рөлін түсіну қалыптасты.


Жалпы айтқанда, модульді мәдениет, спорт және денсаулық сақтау салаларына кеңейту, оны штаттық кестелермен және Еңбек министрлігінің лауазымдар реестрлерімен толықтыру, сондай-ақ хабарламаларды автоматты түрде жіберу функционалын іске асыру жоспарлануда. Яғни, бұл жұмыс камералдық бақылау шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

Мемлекеттік сатып алу қорытындыларын шағымдану тетігінде аудитордың рөлінің өзгеруіне байланысты сатып алу рәсімдерін

камералдық бақылау тек конкурстық құжаттамаларды жариялау және талқылау кезеңдерінде жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті аудиторлық қызметке цифрлық технологияларды енгізу бойынша белсенді жұмыстарды жалғастыруда, бұл мемлекеттік бақылау жүйесін нығайтуға және мемлекеттік ресурстарды басқару тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Электрондық аудит кезеңдерін айта кетсек:



### 3. Халықаралық тәжірибе

Электрондық аудит шетелдерде белсенді түрде қолданылады және қазіргі заманғы қаржылық және аудиттік практиканың маңызды бөлігіне айналды. АҚШ, Ұлыбритания, Канада, Австралия және Еуропа одағындағы көптеген елдерде электрондық аудит тиімділікті, дәлдікті және ашықтықты арттыру мақсатында енгізілген.

Шетелдерде электронды аудиттің қолданылуының бірнеше аспектілері бар:

1. Аудит процесін автоматтандыру: Халықаралық тәжірибеде қаржылық есептерді өңдеу, транзакцияларды тексеру және мүмкін болатын қателіктер мен алаяқтықты анықтау үшін арнайы бағдарламалық құралдар мен жүйелер пайдаланылады.

2. Деректерді талдау (Data Analytics) технологиялары: Аудиторлар үлкен деректер көлемін тексеру үшін аналитикалық құралдар мен алгоритмдерді пайдаланады, бұл аудит уақытын айтарлықтай қысқартуға және дәлдігін арттыруға көмектеседі.

3. Электронды есеп беру жүйелері: Көптеген елдерде қаржылық есептерді электронды форматта тапсыру міндетті болып табылады (мысалы, XBRL — Extensible Business Reporting Language), бұл аудит процесін жеңілдетеді.

4. Реттеу және стандарттар: Еуропа мен АҚШ-та электрондық аудитті пайдалану бойынша нақты заңнамалық нормалар мен стандарттар бар, мысалы, халықаралық аудит стандарттары (ISA) және ақпараттық технологиялар саласындағы стандарттар.

5. Қашықтан аудит жүргізу: Цифрландыру жағдайында аудиторлық компаниялар бейне-конференция жүйелерін және құжаттар мен деректерді беру үшін қауіпсіз арналарды пайдалана отырып, қашықтан аудит жүргізе алады.

Осылайша, электронды аудит әлемнің көптеген елдерінде қаржылық бақылаудың маңызды құралына айналып, аудит сапасы мен жылдамдығын арттыру үшін қолданылады.

#### **4. Қорытынды**

«Электрондық ішкі мемлекеттік аудит» іс-шаралардың жүзеге асырылуына байланысты бірқатар маңызды мәселелер бар. Ең негізгі мәселелердің бірі-электрондық ішкі мемлекеттік аудиттің жалпы пайыздық мөлшерлеменің төмендігі.

Бұл, өз кезегінде, аудит көлемінің жеткіліксіздігін білдіреді.

Келесі мәселе-Департаменттің ЭИМА-ің «Тәуекелдерді басқару жүйесі (СУР/ФК) аясында ғана, тек мемлекеттік сатып алулар мәселелері бойынша өткізуі болып табылады. Бұл жүйе басқа аудиторлық сұрақтарды, мысалы, банктік операциялар, жалақы, есеп беруші тұлғалармен жүргізілетін аудит, іс-сапар шығындары сияқты мәселелерді қамтуға мүмкіндік бермейді.

Өйткені, «е-Минфин» ақпараттық жүйесіндегі «Тәуекелдерді басқару жүйесі. Қаржылық бақылау» ішкі жүйесіндегі «Электрондық ішкі мемлекеттік аудит» модулінің техникалық осалдықтарының алдын алу мақсатында қазіргі уақытта жүйе бойынша жұмыстар тоқтатылды. Осыған байланысты жоғарыда аталған сұрақтар бойынша ЭИМА жүргізу мүмкіндігі жоқ.

Тағы бір ескере кететін маңызды мәселе, «Тәуекелдерді басқару жүйесінде» техникалық ақаулықтардың кейде туындап тұратынын жоққа шығара алмаймыз. Мәселен, объектінің БСН-і табылмай қалуы, ЭЦҚ кілтінің оқылмауы немесе ЭГЗ кестесінде келісімшарт нөмерінің табылмауы секілді жағдайлар жиі кездесіп жатады. Бұл ақаулықтар қалпына келтірілетін болғанымен, олар берілген уақытты тиімді пайдалануға айтарлықтай кедергі келтіріп, жұмыстың сапасына теріс әсерін тигізеді.

#### **5. Ұсынылатын шешімдер/нұсқаулар**

Бұл мәселелерді шешу үшін инфрақұрылымды жақсарту, технологияларды жетілдіру және мамандарды даярлау қажеттілігі туындайды.

Электрондық аудитке байланысты мәселелерді шешу үшін келесі ұсыныстарды енгізуге болады:

1. Деректердің қауіпсіздігі мен қорғауын күшейту\*\*:

Деректерді қорғау үшін заманауи қауіпсіздік жүйелерін енгізу (шифрлау, екі факторлы аутентификация және т.б.), ақпараттың құпиялығы мен тұтастығын қамтамасыз ету.

Бағдарламалық қамтамасыз етуді жүйелі түрде жаңартып, кибершабуылдарды болдырмау үшін мониторинг жүргізу.

Жеке деректерді қорғау бойынша нақты процедуралар мен стандарттарды құру, халықаралық нормаларға сәйкес.

2. Инфрақұрылымды және технологияларды дамыту:

Электрондық аудитті жүргізуге арналған арнайы платформаларды әзірлеу және енгізу, бұл процестерді автоматтандыруға және қателіктерді азайтуға мүмкіндік береді.

Аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз етуді жаңарту арқылы үлкен деректермен жұмыс істеу тиімділігін арттыру.

Деректермен қауіпсіз және икемді жұмыс істеу үшін бұлтты технологияларды енгізу.

3. Процестер мен процедураларды стандарттау:

Электрондық аудит үшін біртұтас халықаралық стандартты әзірлеу, бұл тәсілдерді біріздендіруге және әртүрлі жүйелер даярлау.

4. Автоматтандырылған аудит құралдарын пайдалану:

Электрондық аудитті автоматтандыру арқылы процестерді жылдамдату және адам қателіктерін азайту. Бұл үшін әртүрлі алгоритмдер мен деректерді талдау құралдарын қолдануға болады.

Әртүрлі жүйелерде автоматты түрде есеп беру және аудит жүргізетін құралдарды енгізу, бұл аудиторларға деректерді жылдам және дәл тексеруге мүмкіндік береді.

5. Аналитикалық және деректерге негізделген шешімдер:

Үлкен деректерді пайдалану арқылы аудит жүргізу процесін жақсарту, деректерді талдау арқылы тәуекелдерді алдын ала анықтау және ықтимал бұзушылықтарды болжау.

Деректердің динамикалық өзгерістерін бақылау және тәуекелдерді бағалау үшін күрделі аналитикалық құралдарды енгізу.

6. Аудиторлық процестерді оңтайландыру:

Аудитті жылдамдату және тиімділігін арттыру үшін жұмыс процестерін оңтайландыру, қайталанатын тапсырмаларды автоматтандыру.

Аудиторлық тексерулерді жоспарлау мен орындаудың интеграцияланған жүйелерін жасау, бұл уақытты үнемдеуге және аудиттің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

7. Интероперабельділікті арттыру:

Әр түрлі ұйымдардың немесе салалардың ақпараттық жүйелерін біріктіру үшін жалпы интерфейстер мен протоколдарды әзірлеу.

Құжаттамаларды электронды түрде қабылдап, өңдеуге арналған стандартты жүйелерді енгізу, бұл әртүрлі жүйелердің өзара әрекеттесуін жеңілдетеді.

#### 8. Электрондық аудиттің тиімділігін бағалау:

Электрондық аудиттің нәтижелерін жүйелі түрде бағалап, тексеру жүйесін жетілдіріп отыру. Бұл арқылы кез келген ақауларды ерте анықтап, процестерді түзетуге болады.

Технологияның дамуымен бірге аудиторлық практикадағы өзгерістерді бақылап, үздік тәжірибелерді енгізу.

#### 9. Кәсіби қоғамдастықтарды дамыту:

Электрондық аудиттің тиімділігін арттыру мақсатында мамандар мен ұйымдар арасындағы тәжірибе алмасу үшін арнайы форумдар, конференциялар және кәсіби қоғамдастықтарды құру.

Жаңа технологиялар мен әдістемелер туралы білімді жаңартып отыру үшін тұрақты оқыту мен семинарлар өткізу.

#### 10. Сертификаттау және тәуелсіз тексеру:

Электрондық аудит жүйелерін сертификаттау және тәуелсіз үшінші тараптардың тексерулерін енгізу, бұл жүйенің тиімділігі мен сенімділігін арттырады.

Қолданылатын бағдарламалық құралдардың және технологиялардың сәйкестігін тексеретін тәуелсіз аудит жүргізу, бұл тұтынушылар мен қолданушылар үшін сенімділік деңгейін арттырады.

Бұл ұсыныстар электронды аудиттің сапасын, қауіпсіздігін және тиімділігін жақсартуға бағытталған, сондай-ақ ұйымдардың өз аудит процестерін тиімді жүргізуге көмектеседі.

### 6. Пайдаланылған дереккөздер тізімін рәсімдеу:

<https://www.gov.kz/memleket/entities/mdai/activities/14764?lang=kk>

<https://www.gov.kz/memleket/entities/kvga/press/news/details/514108>

<https://www.gov.kz/memleket/entities/kvga/press/news/details/930115?lang=kk>

Ақтөбе облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 2024 жылғы есебі